

**Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округінің Кенбоз қыстағы аумағында карантин белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының әділет департаментінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 3818 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 20.04.2016 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің " Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Казталов аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 13 ақпандағы № 60 ұсынысы негізінде және жануарлардың аса жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында, ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ұсақ малынан шешек ауруының пайда болуына байланысты, Тереңкөл ауылдық округінің Кенбоз қыстағы аумағында карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуді өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Ж. Қайыров*